

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ**

**ULAGATTY
USTAZ**

**ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген**

**Білім беретін, ғылыми, танымдық,
жарнамалық басылым**

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б. Негізгі
тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы
Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік
Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.
Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.
Алматы қаласы – 2026 жыл Телефон: 8 777 087 6843

Жергілікті жерді бағдарлау

КАЛМАНОВА ЖАДЫРА ЕЛУБАЕВНА
Ақтөбе қаласы
“N85 Жалпы білім беретін орта мектебі” КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Мекеме атауы	№85 Жалпы білім беретін орта мектебі	
Пәні:	Дүниетану	
Бөлім:	Қоршаған орта	
Педагогтің аты-жөні:	Калманова Ж.Е	
Күні:	01.04.2026ж	
Сынып:	2 «А»	Қатысқандар Қатыспағандар
Сабақтың тақырыбы	Жергілікті жерді бағдарлау	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.1.1. Тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау;	
Сабақтың мақсаты	- Көкжиектің негізгі тұстарын (солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс) және тұсбағдардың не үшін қажет екенін біледі. - Тұсбағдарды қолдану ережесін біледі, мұғалімнің көмегімен бағыттарды табады. Табиғи белгілер арқылы бағдарлауды түсінеді. - Тұсбағдарды өз бетінше қолданып көкжиек тұстарын дәл анықтайды және табиғи белгілерге қарап бағытты табу жолдарын өмірде қолдана алады.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5мин	Ұйымдастыру кезеңі Жұмыс түрі: топтық Біз де құстай көңілді, Біз де құстай мейірімді. Қанатымыз талмасын Сабағымыз басталсын. Асық әдісі. Оқушылар 4 топқа бірігеді. 1-топ: «Солтүстік» 2-топ: «Оңтүстік» 3-топ: «Батыс» 4-топ: «Шығыс» Үй тапсырмасы: Деңгейлік сұрақтар	Оқушылар мұғаліммен бірге қайталап, сыныппен жағымды ахуал қалыптастырады. Оқушылар топқа алдын ала бөлініп, топ аттарын анықтау үшін асықтарды таңдайды.	ҚБ: Жарайсыңдар! Керемет! Жақсы! Тамаша! Дескриптор : Ой қозғау сұрақтарына жауап	 Слайд

	Ой қозғау сұрақтары. Топтың атауы не себепті осы атаулармен аталды деп ойлайсыңдар? Бұл атауларды қай жерден естідіңдер? «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Апталық дәйек сөз: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» Құндылық: Мемлекеттік тілді білу. «Балалар, біз бүгін сабақты «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» деген нақыл сөзбен бастадық. Нағыз отаншыл, патриот адам өз туған жерінде ешқашан адаспайды және оның әрбір тау-тасын жақсы біледі. Елестетіп көріңдерші, біздің ауылға (қалаға) алыс шетелден қонақтар келді. Олар сендерден: «Сендердің туған жерлерің өте әдемі екен! Ал оның солтүстігінде, оңтүстігінде қандай керемет жерлер бар?» деп сұрады. Біз қонақтарға өз жерімізді қалай таныстырамыз?» Сабақ мақсатымен танысады. Жаңа сабақты меңгеру (10 минут) Оқулықтағы мәтінге (Ақмарал мен Арманның диалогі) сүйене	Мұғалімді мұқият тыңдайды, оқулықтағы суреттерді зерттейді, сұрақтарға жауап береді. Оқушылар сабақ мақсатымен танысады. Оқушылар бейнематериалды көріп, сұрақтарға жауап береді. Тұсбағдарды қолдану	береді. 16 ҚБ:Жарайсындар! Керемет! Жақсы! Тамаша!	Слайд 
--	--	---	---	--

	отырып, түсіндіреді. Бағдарлау – бұл жергілікті жердің көкжиек тұстарын анықтау. Көкжиектің 4 негізгі тұсы бар: С (солтүстік), О (оңтүстік), Б (батыс), Ш (шығыс). Тұсбағдарды (компас) қолдану ережесімен таныстыру: Оны тегіс жерге қоямыз. Тежегішін ағытып, тілі тоқтағанша күтеміз. Көк тілі – Солтүстікті, қызыл тілі – Оңтүстікті көрсетеді (Оқулықтың 87-бетіндегі суретке назар аударту). Дәптермен жұмыс. «Көкжиек жұлдызшасы» (Сызбамен жұмыс) Оқушылар дәптерлеріне көкжиектің негізгі және аралық тұстарын көрсететін «жұлдызша» сызады. Дәптердің ортасына нүкте қойып, тік және көлденең сызықтар жүргізеді (негізгі тұстар: С, О, Б, Ш).	ережесімен танысады. Оқушылар дәптерлеріне көкжиектің негізгі және аралық тұстарын көрсететін «жұлдызша» сызады.	Дескриптор Көкжиектің 4 негізгі тұсын табады. 16	
Сабақтың ортасы 28мин	Жұптық жұмыс. Тапсырма: Алдарыңызға сызылған тұсбағдар шеңбері берілген. Көкжиектің аралық тұстарын (СШ, СБ, ОШ, ОБ) тауып, бос орындарға дұрыс жазып шығындар. Солтүстік пен шығыстың ортасы қалай аталады? Жұптар дәптерлерін алмастырып, тақтадағы дұрыс жауаппен тексеріп, бір-бірін бағалайды («+», «-» қою арқылы).	Жұптасып ақылдаса отырып, аралық бағыттарды табады және жазады (СШ - солтүстік-шығыс, т.б.).	Дескриптор. Негізгі бағыттарды біледі. 16 Көкжиектің 4 аралық тұсын (СШ, СБ, ОШ, ОБ) дұрыс тауып жазады. 16	

Сергіту сәті 2мин	Сергіту сәті	Сәйкесінше қимылмен көрсетеді	Тамаша!	слайд
	«Құтқарушылар» топтық жұмысы 1-топ: «Орманшылар» Жағдаят: Сендер орманда саңырауқұлақ теріп жүріп, адасып кеттіңдер. Қолдарыңда тұсбағдар жоқ. Ауа райы ашық, күн жарқырап тұр. Ауыл оңтүстік бағытта орналасқан. Тапсырма: Ауылға қайтар жолды (оңтүстікті) табиғи белгілерге (ағаштар, құмырсқа илеуі, көлеңке) қарап қалай табуға болатынын түсіндіріп, постерге суретін салыңдар. 2-топ: «Теңізшілер» Жағдаят: Сендер – кемемен саяхатқа шыққан теңізшісіңдер. Түн ішінде кемеңіз барлық құрылғылары мен тұсбағдары бұзылып қалды. Үйге қайтатын жағалау дәл солтүстік бағытта екенін білесіңдер. Аспан ашық, жұлдыздар самсап тұр. Тапсырма: Түнде ашық теңізде солтүстік бағытты қалай дәл табуға болады? Қай жұлдыз көмектеседі? Оның суретін салып, басқаларға түсіндіріңдер. 3-топ: «Саяхатшылар» Жағдаят: Сендер бейтаныс қалаға келдіңдер. Қолдарыңда тек тұсбағдар бар. Бірақ оны бұрын-соңды қолданып көрмегенсіңдер. Тапсырма: Оқулықтағы мәліметке сүйеніп, тұсбағдарды дұрыс қолданудың 3 қадамын (алгоритмін) ретімен жазып шығыңдар. Содан кейін тұсбағдарды пайдаланып,	Оқушылар берілген жағдаятты топта талдайды. Оңтүстік бағытты табу үшін ағаш бұтақтарының жиілігі мен қабығының түсін, құмырсқа илеуінің пішінін, сондай-ақ күн мен көлеңкенің түсуін еске түсіреді. Оқушылар аспан денелері арқылы бағдарлау тәсілдерін талқылайды. Солтүстік бағытты әрқашан дәл көрсететін Темірқазық жұлдызын және оны аспаннан табуға көмектесетін Жетіқарақшы (Шөміш) шоқжұлдызын еске түсіреді. Оқушылар оқулықты немесе алдыңғы білімдерін қолдана отырып, тұсбағдарды жұмыс	Дескриптор Берілген жағдаятты түсінеді және мәселенің шешімін табады.16 Табиғи белгілер (күн, ағаш, құмырсқа) мен жұлдыздардың қай бағытты көрсететінін дәл айтады.16 Өз ойларын сынып алдында анық әрі түсінікті етіп қорғай алады.16	

	сыныптың есігі қай бағытта орналасқанын анықтап беріңдер. 4-топ: «Зерттеушілер» Жағдаят: Сендерге бір саяхатшының күнделігі табылды. Бірақ ол күнделігінде бағыттарды шатастырып, қате жазып кетіпті. Тапсырма (Қатесін тап): Мәтіндегі қателерді тауып, дұрыстандар: "Біз орманға бардық. Адасып кетпеу үшін ағаштарға қарадық. Кесілген ағаштың шеңберлері солтүстік жағында алшақ болады екен. Сосын Темірқазық жұлдызына қарадық, ол бізге оңтүстікті көрсетіп тұрды." Жеке жұмыс. «Алдардың қапшығы» әдісі Оның ішіне мынадай суреттер салынады: 1. Нақты тұсбағдар (компас). 2. Құмырсқаның суреті (немесе ойыншығы). 3. Жұлдыздың (Темірқазық) суреті. 4. Күннің суреті. 5. Ағаш діңінің (кесілген дөңгелегінің) суреті. Мұғалім сыныпқа қапшықты көрсетіп: «Балалар, бұл – адасып кетпес үшін барлық құпияны білетін тәжірибелі саяхатшының қапшығы. Бұл қапшықтың ішінде көкжиек бағыттарын табуға көмектесетін заттар бар. Кім келіп, қапшықтан бір затты алып, оның бізге қалай көмектесетінін айтып береді?» – дейді. Оқушылар кезекпен тақтаға шығып, қапшыққа қолдарын	жағдайына келтірудің 3 негізгі қадамын ретімен жазады Тұсбағдарды алса: «Бұл – тұсбағдар. Оның көк тілі әрқашан солтүстікті көрсетеді. Оны тегіс жерге қойып қолданамыз». Құмырсқаны алса: «Құмырсқалар илеуін ағаштың оңтүстік жағына салады, себебі ол жақ жылы болады». Жұлдызды алса: «Бұл Темірқазық жұлдызы. Түнде ол әрқашан солтүстікті көрсетеді». Күнді алса: «Күн таңертең шығыстан шығып, кешке батысқа батады». Ағаш діңін алса: «Ағаш діңіндегі шеңберлер солтүстік жағында жиі, ал оңтүстік жағында алшақ орналасады».	Дескриптор . Қапшықтан шыққан затты (суретті) дұрыс атайды. 16 Әр заттың қандай бағыт көрсететінін түсіндіреді. 16	
--	---	--	---	--

	салып, қарамай бір затты (немесе суретті) алып шығады да, сыныпқа көрсетеді. Содан соң сол зат арқылы бағытты қалай табуға болатынын түсіндіреді.			
Сабақтың соңы 10мин	Бекіту «Ақиқат па, Жалған ба?» Сигналдық әдіс Тұсбағдар (компас) – көкжиек тұстарын анықтайтын құрал. (Жасыл - Ақиқат) Тұсбағдардың көк тілі әрқашан Оңтүстікті көрсетеді. (Қызыл - Жалған. Дұрысы: Солтүстікті көрсетеді) Көкжиектің 4 негізгі тұсы бар: Солтүстік, Оңтүстік, Батыс, Шығыс. (Жасыл - Ақиқат) Құмырсқалар илеуін ағаштың солтүстік жағына салады. (Қызыл - Жалған. Дұрысы: Оңтүстік жағына салады, себебі ол жақ жылы) Түнде адасып кетпес үшін Темірқазық жұлдызына қарап Солтүстікті табуға болады. (Жасыл - Ақиқат) Күн әрқашан Батыстан шығып, Шығысқа батады. (Қызыл - Жалған. Дұрысы: Шығыстан шығып, Батысқа батады) «Кері байланыс» Үй тапсырмасы: Бағалау. есептеп, күнделікке қойдыртады.	Оқушылар сілтеме арқылы өтіп сұрақтарға жауап береді. Кері байланыс жасайды	Дескриптор Бекітуге арналған сұрақтарға жауап береді. 16 1-10ұпай Өз-өздерін бағалайды	https://vibe-coding.diao-ft.kz/pages/page_69ca70cd12ddc.html

КОСЖАНОВА ШАМШИЯ МАРАЛБЕКОВНА

Ақтөбе қаласы

“N85 Жалпы білім беретін орта мектебі” КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Көрікті көктем. Көктемнің сәні

Мектеп	№85 жалпы орта білім беретін мектебі	
Бөлім	Қоршаған орта	
Педагогтің аты-жөні	Косжанова Ш.М.	
Күні:	02.04.2026ж	
Сынып: 2 «Б»	Қатысушылар саны:	Қатысушылар саны
Сабақтың тақырыбы	№80 Көрікті көктем. Көктемнің сәні.	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.2.6.1 кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау 2.3.2.1* мұғалімнің көмегімен үлгі бойынша шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар мен санамақтар құрастыру	
Сабақтың мақсаты	Шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқиды Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізеді	

Уақыт ы	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы. 10 мин	Ынтымақтастық атмосферасын және өздеріне сенімділік қалыптастыру Бір, екі, үш Сынып іші тып-тыныш. Жалқаулықты тастаймыз, Сабақты біз бастаймыз. Ай құндылығы: тәуелсіздік және отаншылдық айы Апталық дәйек сөз: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең» Құндылық: Мемлекеттік тілді білу Үй тапсырмасын сұрау «Жазғытұры» өлеңін 3 қатардан 3 оқушы шығарып 1 шумақтан жатқа сұрау. Үй тапсырмасын	Өткен тақырып бойынша өлеңді жатқа айтады. Сөзжұмбақты кезекпен шашып, КӨКТЕМ туралы өз ойларын айтады.	«Бағалау: «Білім парағы» Әр оқушы жасаған тапсырмасына сәйкес белгі қойып отырады. Дескрипторы: үй тапсырмасына	Суреттер Сөзжұмбақ

	бекітуге арналған сөзжұмбақ шешу. 1.Әлемге нұрын шашады, Кеш батса, үйге қашады. (КҮН) 2.Жердің жасыл кілемі (ШӨП) 3.Наурызда жасалатын ұлттық тағам. (КӨЖЕ) 4.Төрт түліктің бірі (ТҮЙЕ) 5.Көктемдегі диқандардың жұмысы (ЕГІН) 6.Көктем айларының бірі (МАМЫР) -Ерекше торкөзде қандай сөз шықты? -КӨКТЕМ! Жаңа тақырыпты ашу 1-тапсырма. Айналамызға қарасақ әр түрлі суреттер тұр екен.Қазір бір суреттен алып,сол сурет бойынша бір сөйлем құрап айтып, «Көктемгі қолшатырымызды» безендірейікші. Гүл,қарлығаш,күн, тал егу егін егу,ұя жасау суреттері бойынша жұмыс жасау. -Бүгінгі тақырыбымыз Көктем сәні туралы болмақ. Оқу мақсатын таныстырамын. кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау.		дайын- 1 балл Сурет бойынша сөйлем құрайды-1балл	Қолшатыр ,суреттер.
Сабақтың ортасы 15 мин	Оқылым. Оқулығымызды ашып, «Көктемнің сәні» ертегісін бір оқып шығайық.Қай сөздер түсініксіз болды.Сөздікпен жұмыс жүргізу. Нұсқау: «Көктемнің сәні» ертегісін рөлге бөліп оқуына мүмкіндік тудырады. Мұғалім әр кейіпкердің өзіндік ерекшелігін көрсету үшін дауыс ырғағын дұрыс келтіре оқуын	Балалар «Көктемнің сәні» мәтінін рөлгебөліп оқиды,сахналайды. «Сөздік жұмысы» айдары жар салу – хабарлау	Бағалау критерийі Шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқиды Дескрипторы: рөлге бөліп оқып,өз сөзімен айтып жеткізеді. 3	Оқулық,аңдардың маскалары .

	қадағалайды ЖИ бойынша ертегіні мультфильм ретінде көріп шығу Сахналық қойылым.Рөлге бөліп айту. ЕББҚ ететін балаға тапсырма Арыстанның рөлін сомдайды		балл	
5 мин	Сергіту сәті «Көңілді ауа райы» сергіту сәті Нұсқау: Мұғалім ауа райы құбылысын айтады, ал балалар оны тек қимылмен тез көрсетуі керек. 1.«Күн шықты!» – Балалар қолдарын төбеге көтеріп, саусақтарын ашып, «күндей» жарқырайды (күлімсірейді). 2.«Қатты жел соқты!» – Қолдарын жоғары көтеріп, оңғасолға қатты теңселеді («у-у-у» деп дыбыстауға болады). 3.«Жаңбыр сіркіреді» – Саусақ ұштарымен партаны немесе еденді жайлап қағады (тық-тық-тық). 4.«Нөсер жаңбыр!» – Алақандарын қатты-қатты соғады (шапалақтайды). 5.«Күн күркіреді!» – Аяқтарымен жерді дүсірлетеді. 6.«Кемпірқосақ!» – Екі қолымен ауада үлкен доға сызады. 7.«Ауа райы тамаша!» – Қолдарын белдеріне қойып, бір-біріне қарап жымияды.	Оқушылар бірге айтады,қимылмен көрсетеді,дыбыстайды.	Жарайсындар!	Оқулық Слайд
10 мин	Топтық жұмыс 1 топ Өз ойларың бойынша «Көктемнің сәнін» құрастыр! 2 топ <i>Арыстанды сипаттап жаз!</i> 3 топ Ертегі кейіпкерлерінің біреуіне жұмбақ құрастыру. Жеке жұмыс	Оқушылар көктем сәні туралы өз ойларын топтастырады. Арыстанды сипаттап жазады.Жұмбақ құрастыруға талпынады.	Бағалау критерийі Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізеді-2б	

	<u>Тест тапсырмалары беріледі.</u> <u>Тест тапсырмалары</u> <u>1.Көктемдегі еңбек түрін белгіле</u> <u>А) Қар тазалау</u> <u>Ә) Егін егу</u> <u>Б) Шөп шабу</u> <u>2.Мәтіндегі аңдар патшасын тап:</u> <u>А) Қасқыр</u> <u>Ә) Аю</u> <u>Б) Арыстан</u> <u>3.Көктемнің сәніне не жатады?</u> <u>А) Қар, аяз, шана</u> <u>Ә) Жасыл шөп, гүлдер, құстар</u> <u>Б) Сары жапырақтар, жаңбыр</u> <u>4.Көктемнің бірінші айын белгіле.</u> <u>А) Сәуір</u> <u>Ә) Наурыз</u> <u>Б) Мамыр</u> <u>5. Аңдар неге риза болды?</u> <u>А) Арыстанның сөзіне</u> <u>Ә) Еліктің айтқанына</u> <u>Б) Күннің шыққанына</u> <u>Тест тапсырмасын көршісімен алмасып тексереді.</u> <u>Жұппен жұмыс «Өлең құрастыру»</u>	Тест тапсырмаларын жеке орындап,ккршісімен алмасып тексереді.	Тест тапсырмаларын дұрыс орындайды-2балл	
5 мин	Кері байланыс: «Сұрақ-жауап» әдісі бойынша өтеді. -Бүгінгі сабақты еске түсірейік. -Бүгін сабақта не өттік? -Қандай тапсырмалар жасадық? Рефлексия: «АУА-райы» әдісі бойынша өтеді. Үйге тапсырма: Ертегінің мазмұнын әңгімелеуге дайындал	Тапсырма бойынша ой қорытып, сабаққа рефлексия жасайды.	ҚБ қойылады.	

Жаз мезгілінде аяз қайда кетеді?

АБУОВА ГУЛНУР КАКИРОВНА

Ақтөбе қаласы

“N85 Жалпы білім беретін орта мектебі” КММ

Бастауыш сынып мұғалімі

Бөлім	Табиғат физикасы	
Педагогтің аты-жөні	Абуова.Г.К	
Күні:	24.04.2026ж	
Сынып:2	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	№.31 Жаз мезгілінде аяз қайда кетеді?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.5.4.1 - түрлі денелердің температурасын өлшеу;	
Сабақтың мақсаты	Түрлі денелердің температурасын өлшейді	

Сабақтың барысы:

Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурс
Сабақтың басы. 5 минут	Психологиялық ахуал: «Көңілді амандасу» -Өткенді қайталау: «Дыбыстар қандай болады?» Жаңа тақырыпты ашу «Кім тапқыр?» әдісі  «АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Ай құндылығы: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы Апталық дәйек сөз«Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек	Әуенмен көңілді амандасады. Өткенді қайталайды. -Дыбыс белгісі. Өз жауаптарын айтады.	Бағалау парақшасы «Менің дауысымның шкаласы»  Әр алған балға бір шкаланы белгілейді.	оқулық, үлестірмелі парақтар.

	болашағы зор мамандар бар» Құндылық: Әр түрлі мамандықтарға қызығушылық			
Сабақтың ортасы 15 мин	Оқу мақсатын таныстырамын. 1 тапсырма.Топтық жұмыс ОДД :білу,түсіну,қолдану Qr код арқылы тыңдалым https://qrmedia.kz/10p1H «Суық» (салқын, аязды), «жылу» (ыстық) сөздеріне мәні жағынан жақын қандай сөздер (синонимдер) бар? Табыңдар. Біз жылу мен суықты қалай сезінеміз?(Балалардың жауаптары). Қазақстанда ауа райы құбылмалы. Жазда жылу мен жаңбыр өсімдіктерге өсуге көмектеседі. Қыста табиғат демалады. Жерді қар жабады. Полюстерде жыл бойы өте суық және қар жауады. Экваторда ауа райы өте ыстық. Тропикалық ормандарда ылғал көп. Әр кешсайын дерлік жаңбыр жауады. Тропикалық ормандарда өсімдіктер көп. Шөлдерде су тым аз болады. Шөлде өсетін өсімдіктер су тапшылығына үйренген. ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма Мәтінді оқиды Саралау тапсырмасы 1.Сәйкестендіру. Төмендегі жылу беру түрлерін мәтіндегі мысалдармен сәйкестендіріп жазыңыз. 2. Жылу әрқашан жылы заттан суық затқа қарай жүреді. Төмендегі мысалдарды оқып, заттың жылынатынын немесе суытынын белгіле.	Сұрақтарға жауап береді Тыңдайды, сұхбатқа қатысады 	Бағалау критерийі Түрлі денелердің температурасын өлшейді Дескриптор -мәтінді оқиды 1 балл Сұрақтарға жауап береді 1 балл Саралау тапсырмасын орындайды 1 балл	

	3.Сурет салу Бізге жылу беретін бір заттың суретін сал (мысалы: күн, жылытқыш немесе от).															
5 мин	Сергіту сәті	Хормен айтады	Жарайсындар!													
15 мин	ҚБ 3 тапсырма. Жұптық жұмыс. «Суреттер сөйлейді » әдісі Зерттеу жұмыстары ОДД :білу,түсіну,қолдану Нұсқау: Жылуды көруге бола ма? Тәжірибе арқылы бақыла. Осы құбылысты түсіндіріп көр  Адамдар неліктен қыста күңгірт түсті,ал жазда ашық түсті киімдер киеді?  <table border="1" data-bbox="413 1296 716 1431"><thead><tr><th></th><th>қара</th><th>ақ</th></tr></thead><tbody><tr><td>20 минуттан кейін</td><td></td><td></td></tr><tr><td>1 сағаттан кейін</td><td></td><td></td></tr><tr><td>2 сағаттан кейін</td><td></td><td></td></tr></tbody></table> ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі жоғары) балаға тапсырма Тәжірибе жүргізеді		қара	ақ	20 минуттан кейін			1 сағаттан кейін			2 сағаттан кейін			Жұпта жұмыс жасайды. Суреттерді көріп, ойларын ортаға салады. 	Бағалау критерийі Түрлі денелердің температурасын өлшейді Дескриптор Суреттермен жұмыс жасайды 2 балл Сұрақтарға жауап береді 2 балл	Оқулық
	қара	ақ														
20 минуттан кейін																
1 сағаттан кейін																
2 сағаттан кейін																
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс: «Микрофон» ауызша. Мұғалім сабақ барысы бойынша микрофон арқылы сұрақтар қояды. -Жылу дегеніміз не? -Табиғи және жасанды жылу көздеріне мысалдар келтір. -«Жылу ыстақ заттан суық затқа тарайды» деген тұжырым дұрыс па?	Сұрақтарға жауап береді.	ҚБ қойылады													

	- Үйге мәтінді оқу. <i>Ересектердің көмегімен көзге көрінбейтін сияның қалай жасалатыны туралы ақпарат тап. Құпия хат жаз.</i>			
--	---	--	--	--

№ D00025 22.05.2026 ж

РЫСКУЛОВА АИДА ЖАЙИКОВНА
Ақтөбе қаласы
«№85 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ
бастауыш класс мұғалімі

Әр түрлі деңгейдегі білім алушы үшін дидактикалық
материалдардың тиімділігін бағалау критерийлері

Дидактикалық материалдар – білім беру процесінде оқыту мен тәрбиелеу мақсатында қолданылатын құралдар мен ресурстар. Әр түрлі деңгейдегі білім алушылар үшін дидактикалық материалдардың тиімділігі бірнеше аспектілерге байланысты: Оқыту деңгейіне сәйкестік:

Дидактикалық материалдар оқушының білім деңгейіне, жасына және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуы тиіс. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларына арналған материалдар қарапайым, түсінікті және қызықты болуы керек, ал жоғары сынып оқушыларына арналған материалдар күрделірек, тереңірек ақпаратты қамтуы қажет.

Интерактивтілік: Заманауи дидактикалық материалдар интерактивті элементтерді қамтуы тиіс. Оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін материалдар (мысалы, ойындар, тәжірибелер, симуляциялар) оқыту процесін қызықтырады және білімді терең меңгеруге көмектеседі.

Көрнекілік: Көрнекі материалдар (суреттер, графиктер, диаграммалар) ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді. Олар оқушылардың назарын аударады және материалды есте сақтауды жақсартады.

Дифференциация: Әр түрлі қабілеттері мен дайындық деңгейлері бар оқушылар үшін дидактикалық материалдар әртүрлі болуы керек. Оқушыларды қабілеттеріне қарай топтарға бөліп, оларға сәйкес материалдарды ұсыну олардың оқу мотивациясын арттырады.

Практикалық қолдану: Теориялық білімдерді практикада қолдануға мүмкіндік беретін материалдар оқушылардың білімін тереңдетуге көмектеседі. Мысалы, жобалық жұмыстар, зертханалық тәжірибелер, шығармашылық тапсырмалар.

Кері байланыс: Оқушылардың прогрессін бақылау және бағалау үшін дидактикалық материалдарда тестілер, анкета, сауалнамалар болуы керек. Бұл оқушыларға өз жетістіктерін көруге, ал ұстаздарға оқыту әдістерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мотивация: Дидактикалық материалдардың қызықты, тартымды және ойын элементтерін қамтуы оқушылардың оқу мотивациясын арттырады. Оқушыларға жаңа білім алуға ынталандырушы факторлар ұсыну маңызды.

Әр түрлі деңгейдегі білім алушылар үшін тиімді дидактикалық материалдарды жасау – бұл білім беру сапасын арттырудың басты жолдарының бірі. Оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін материалдарды пайдалану олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып, нәтижелілікті көтереді.

Дидактикалық материалдардың тиімділігін бағалау үшін бірнеше критерийлерді қолдануға болады. Бұл критерийлер білім алушының деңгейіне, пәніне және оқыту мақсаттарына байланысты өзгеруі мүмкін.

Оларды бағалау үшін қолдануға болатын негізгі критерийлер:

1. Мазмұнының сапасы:

- Материалдардың ғылыми дәлдігі.
- Ақпараттың өзектілігі мен жаңалығы.
- Тақырыптың тереңдігі мен ауқымы.

2. Түсініктілігі:

- Тілдің қарапайымдылығы мен түсініктігі.
- Күрделілік деңгейі білім алушының жасына және білім деңгейіне сәйкес келуі.
- Көрнекі және практикалық мысалдардың болуы.

3. Интерактивтілік:

- Білім алушылардың белсенділігін арттыру мүмкіндігі.
- Тапсырмалардың практикалық және интерактивті сипатта болуы.
- Оқу процесінде пікірталас пен сұрақ-жауап элементтерінің болуы.

4. Көрнекілік:

- Графикалық, диаграммалық және иллюстративтік материалдардың болуы.
- Видеолар, анимациялар және интерактивті элементтердің қосылуы.

5. Оқуға деген қызығушылық:

- Материалдың білім алушылардың қызығушылығын ояту деңгейі.
- Оқу процесіне деген мотивацияны арттыру.

6. Бағалау мүмкіндіктері:

- Оқушылардың білімін тексеру үшін тесттер мен тапсырмалардың болуы.

- Оқу нәтижесін бағалау үшін критерийлердің анық болуы.

7. Әр түрлі оқыту стилдеріне сәйкестігі:

- Визуалды, аудио және кинестетикалық оқыту стильдеріне жауап беру.
- Әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға арналған бейімделген материалдардың болуы.

8. Пән аралық байланыс:

- Материалдардың басқа пәндермен байланыстылығы.
- Тақырыптардың интеграциялануы мен көп қырлы көзқарасты дамыту.

9. Уақыт тиімділігі:

- Оқу материалдарын меңгеруге қажетті уақыт.
- Материалдардың практикалық қолданылу мүмкіндігі.

10. Кері байланыс:

- Оқу процесінде білім алушылардың пікірлері мен ұсыныстары.
- Оқытушының материалды жетілдіру үшін кері байланыс алу мүмкіндігі.

Бұл критерийлер арқылы дидактикалық материалдардың тиімділігін бағалау білім алушылардың оқу процесіне деген көзқарасын жақсартуға, оқу нәтижелерін арттыруға және оқыту сапасын көтеруге ықпал етеді. Білім беру жүйесінде дидактикалық материалдардың рөлі ерекше. Олар білім алушылардың оқу процесін жеңілдетіп, ақпаратты тиімді меңгеруге ықпал етеді. Дегенмен, әр түрлі деңгейдегі білім алушылар үшін дидактикалық материалдардың тиімділігін бағалау критерийлері әрқашан бірдей болмайды. Бұл эсседе біз дидактикалық материалдардың тиімділігін бағалау үшін қажетті негізгі критерийлерді қарастырамыз.

Мазмұнның сәйкестігі:

Дидактикалық материалдардың тиімділігі алдымен олардың мазмұнының білім алушылардың деңгейіне сәйкестігімен анықталады. Мазмұн оқу бағдарламасына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне және білім деңгейіне сай болуы тиіс. Мысалы, бастауыш сынып оқушыларына арналған материалдар қарапайым тілмен жазылып, ойын элементтерімен толықтырылған болуы керек, ал жоғары сынып оқушыларына арналған материалдар терең талдауды және сыни ойлауды талап етеді.

Интерактивтілік және қатысу:

Дидактикалық материалдардың тиімділігі интерактивтілігімен де байланысты. Оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ететін материалдар, мысалы, тесттер, ойындар немесе топтық жұмыстар, оқу процесін қызықты етеді. Оқушының өздігінен білім алуына, өз пікірін білдіруіне мүмкіндік беретін материалдар тиімдірек болып табылады.

Көрнекілік: Көрнекілік – білім алушылардың ақпаратты қабылдауын жеңілдететін маңызды фактор. Графиктер, диаграммалар, суреттер және видеоматериалдар оқу материалдарының көрнекілігін арттырады. Көрнекі ақпаратты пайдалану, әсіресе, визуализацияға бейім оқушылар үшін өте тиімді.

Қол жетімділік: Дидактикалық материалдардың қол жетімділігі де олардың тиімділігін бағалаудағы маңызды критерий. Оқу материалдары білім алушылар үшін оңай қол жетімді болуы қажет: олар мектепте, үйде немесе интернетте оңай табылуы тиіс. Материалдардың қол жетімділігі білім алушының оқу процесіне деген ынтасын арттырады.

Бағалау және кері байланыс:Тиімді дидактикалық материалдар білім алушыларға өз білімін бағалауға мүмкіндік беруі тиіс. Оқу процесінде кері байланыс алу, өз жетістіктерін бағалау, қателіктерді түсіну – бұл оқушылардың өз білімін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондықтан бағалау құралдары мен әдістері де материалдардың тиімділігін анықтайтын критерийлердің бірі болып табылады.

Психологиялық және эмоционалдық аспектілер:Білім алушылардың психологиялық және эмоциялық жағдайы да дидактикалық материалдардың тиімділігін бағалауда маңызды рөл атқарады. Оқушылар материалды қалай қабылдайтыны, олардың оқу мотивациясы мен қызығушылығы, оқу процесіндегі стресстің деңгейі – бұл факторлар материалдардың тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Қорытынды: Дидактикалық материалдардың тиімділігін бағалау – бұл көпқырлы процесс, ол әр түрлі критерийлерді қамтиды. Оқу мазмұнының сәйкестігі, интерактивтілік, көрнекілік, қол жетімділік, бағалау және кері байланыс, психологиялық аспектілер – барлығы да білім алушылардың оқу процесінің сапасын арттыруда маңызды.

Сондықтан, мұғалімдер мен білім беру ұйымдары дидактикалық материалдарды таңдауда және әзірлеуде осы критерийлерді ескеруі қажет.

Тек осылай ғана біз білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ете аламыз.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

ЮЛДАШЕВА МЕХРИГУЛ НАРИМАНОВНА

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М. Таипов атындағы орта мектебі КММ

Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Кішідиқан ауылы

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі – алған білімін өмірде қолдана алатын, сыни ойлайтын, өз ойын еркін жеткізе білетін тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жетуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің рөлі ерекше екендігі көрсетілген.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, қазақ тілі, әдебиет, сыни ойлау, шығармашылық қабілет, оқыту әдістері.

Кіріспе

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі қоғамның даму талаптарына сәйкес жаңарып келеді. Жаңа заман оқушысы тек теориялық біліммен шектелмей, алған білімін күнделікті өмірде қолдана білуі қажет. Сондықтан функционалдық сауаттылықты қалыптастыру білім беру саласының маңызды бағыттарының біріне айналды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері оқушылардың тілдік құзыреттілігін дамытып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарды тануына, дүниетанымын кеңейтуіне және шығармашылық әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Негізгі бөлім

Функционалдық сауаттылық – адамның әлеуметтік, мәдени және экономикалық ортада тиімді әрекет етуіне мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жиынтығы.

Қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту үшін төмендегі әдістерді қолдану тиімді:

- мәтінмен жұмыс жасау;
- пікірталас ұйымдастыру;
- жобалық жұмыстар жүргізу;
- эссе жаздыру;
- проблемалық сұрақтар қою;
- өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалар беру.

Әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды талдау барысында оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне баға беріп, өзіндік пікір қалыптастырады. Бұл олардың сыни ойлау қабілетін дамытады.

Мысалы, белгілі бір шығарманы оқығаннан кейін оқушыларға «Егер сіз кейіпкердің орнында болсаңыз, қандай шешім қабылдай едіңіз?» деген сұрақ қою арқылы олардың ойлау белсенділігін арттыруға болады.

Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады. Бейнематериалдар, интерактивті тапсырмалар мен цифрлық платформалар оқушылардың қызығушылығын оятып, білім сапасын көтереді.

Нәтиже

Тәжірибе көрсеткендей, функционалдық сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар жүйелі қолданылған жағдайда оқушылар:

- өз ойын еркін жеткізе алады;
- мәтінді түсініп оқиды және талдайды;
- ақпаратты саралап, қорытынды жасайды;
- өмірлік мәселелерді шешуге бейімделеді;
- шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Қорытынды

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамыту – сапалы білім берудің маңызды шарты. Мұғалім әр сабағында оқушының белсенді әрекетіне жағдай жасап, білімді өмірмен байланыстыра отырып оқытуы қажет. Сонда ғана қоғам сұранысына сай, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ тәрбиелеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
2. Назарбаев Зияткерлік мектептері. Функционалдық сауаттылықты дамыту әдістемесі.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламалары.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы.

МАЗМУНЫ

- ❖ КАЛМАНОВА ЖАДЫРА ЕЛУБАЕВНА
- ❖ КОСЖАНОВА ШАМШИЯ МАРАЛБЕКОВНА
- ❖ АБУОВА ГУЛНУР КАКИРОВНА
- ❖ РЫСКУЛОВА АИДА ЖАЙИКОВНА
- ❖ ЮЛДАШЕВА МЕХРИГУЛ НАРИМАНОВНА